

СЕГОДНЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ МЕЖДУНАРОДНЫХ ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ ОПРЕДЕЛЯЕТСЯ НЕ ТОЛЬКО КАЧЕСТВОМ ИНФРАСТРУКТУРЫ, НО И УРОВНЕМ ЦИФРОВОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ МЕЖДУ ГОСУДАРСТВАМИ. ЯРКИМ ПРИМЕРОМ ЯВЛЯЕТСЯ ЦИФРОВИЗАЦИЯ ВЫДАЧИ РАЗРЕШЕНИЙ НА ПЕРЕВОЗКУ КРУПНОГАБАРИТНЫХ И ТЯЖЕЛОВЕСНЫХ ГРУЗОВ: БЛАГОДАРЯ ИНТЕГРАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ СТРАН ЕАЭС СРОКИ ОФОРМЛЕНИЯ СОКРАТИЛИСЬ С НЕСКОЛЬКИХ ДНЕЙ ДО 1-3 ЧАСОВ, А БУМАЖНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ ПРАКТИЧЕСКИ ИСКЛЮЧЕНЫ.

Арзыбек КОЖОШЕВ,  
министр по энергетике и инфраструктуре ЕЭК



№45 (3192)  
12/06/2026

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ  
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

## ПОРТЫ КУРЫК И МАХАЧКАЛА ПОДПИСАЛИ СОГЛАШЕНИЕ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

Представители ТОО «Порт Курык» приняли участие в работе XXIX Петербургского международного экономического форума (РФ).

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Астана

На полях форума исполнительный директор по маркетингу и логистике ТОО «Порт Курык» Тұрлан Медина и генеральный директор порта Махачкала Джамал Алиев подписали Соглашение о сотрудничестве по организации автопаромных перевозок между портами Курык и Махачкала. Основной целью подписанного соглашения является переориентация грузопотоков с направления Китай – Центральная Азия – порт Туркменбаши на маршрут, проходящий через порты Курык (Республика Казахстан) и Махачкала (Российская Федерация). Реализация достигнутых договоренностей будет способство-

вать формированию эффективных логистических решений, открывающих новые перспективы для развития обоих портов и участников транспортного рынка.

Стороны также выразили заинтересованность в дальнейшем расширении взаимовыгодного сотрудничества, в том числе в развитии транспортного маршрута через морские порты Курык и Махачкала. Данный маршрут создает дополнительные логистические возможности для организации грузоперевозок между Европой и Азией и способствует укреплению международных транспортных связей.

Отмечено, что данное соглашение не налагает на стороны никаких юридических и финансовых обязательств.



## ОБРАЩЕНИЕ к трудовым коллективам



Вопросы производственной безопасности, сохранения жизни и здоровья работников являются непреложной ценностью компании. Мы последовательно придерживаемся принципа, согласно которому ни производственные показатели, ни экономические результаты не могут быть достигнуты ценой человеческой жизни и здоровья.

Каждый несчастный случай – это трагедия для семьи, коллектива и всей компании. Поэтому наша общая цель остается неизменной – формирование устойчивой культуры нулевой терпимости к нарушениям требований безопасности и достижение нулевого травматизма.

Современные условия требуют от нас новых подходов к управлению производственной безопасностью. Развитие инфраструктуры, обновление подвижного состава, внедрение цифровых технологий и автоматизации процессов повышают эффективность, но одновременно формируют новые риски, требующие системного и профессионального управления.

В 2026 году компания сосредоточит усилия на следующих ключевых направлениях:

- обеспечение принципа «Лидерство в безопасности», при котором руководитель любого уровня демонстрирует личную вовлеченность и нетерпимость к нарушениям;
- расширение практики остановки небезопасных работ любым работником;
- цифровизация процессов контроля и управления производственными рисками, внедрение современных инструментов мониторинга;
- обмен лучшими практиками;
- совершенствование системы обучения и проверки знаний с акцентом на практические навыки безопасного выполнения работ;
- обеспечение работников современными средствами индивидуальной защиты;
- развитие системы мотивации, в которой показатели безопасности труда являются ключевыми критериями оценки деятельности руководителей и подразделений.

Анализируя причины происшествий прошлых лет, мы усиливаем профилактическую работу и последовательно реализуем комплекс мер по повышению безопасности труда. В их числе – совершенствование производственных процессов, усиление контроля за соблюдением требований безопасности, регулярное обучение персонала и снижение производственных рисков. Компания остается приверженной принципу приоритета жизни и здоровья работников и продолжит системную работу по формированию безопасной производственной среды.

Мы должны добиться того, чтобы безопасное поведение стало внутренней нормой каждого работника. Уверен, что только совместными усилиями мы сможем обеспечить устойчивое развитие компании без потери самого ценного – жизни и здоровья людей. Безопасность – это не формальность и не требование документа. Это наша ежедневная ответственность друг перед другом.

**Талгат АЛДЫБЕРГЕНОВ,**  
председатель правления  
АО «ҚТЖ»

## Әлеумет

### ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАҢА СТАНДАРТТАРЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ еліміздің ірі жұмыс берушісі бола отырып, тұрақты негізде теміржолшылардың әлеуметтік пакетін жақсартуға ерекше көңіл бөліп келеді. Бұл жұмыстың негізгі бағыттарының бірі – теміржол қызметкерлерінің демалысын ұйымдастыру.

**Жәнібек КЕРЕЙ**  
Астана

Қызметкерлердің әлеуметтік пакетін жақсарту бойынша жоспарлы жұмыс шеңберінде Санаторлық-курорттық сауықтыру қағидаларына бірқатар түбегейлі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ең басты жаңалық – енді жолдамалар мен қызметкерлерге сауықтыруға материалдық көмек жыл сайын белгіленген лимит шеңберінде беріледі. Бұрын теміржолшылар бұл мүмкіндікті 24 айда бір рет қана пайдалана алатын.

Бұдан басқа, төлем тәртібі де түзетілді. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Салық кодексіне сәйкес шипажайлық-курорттық сауықтыруға арналған жолдамалар мен материалдық көмек салық салуға жатады.

Осыған байланысты компания басшылығы маңызды шешім қабылдады, енді қызметкерлерден жолдамалар үшін ұсталатын пайыз толығымен жойылды. Ал бұрын кластық нөміріне байланысты жолдама құнынан 5%-дан 30%-ға дейін ұсталатын. Сондай-ақ Сәкен Сейфуллин атындағы ведомстволық санаторий-профилакторийге жолдама бағасы төмендетілді, бұл қызметкерге өз жолдамасын бос орындар болған жағдайда жыл бойы отбасы мүшелеріне беруге немесе бірге пайдалануға мүмкіндік береді, ал бұрын жолдаманы отбасы мүшелеріне тек 1 және 4-тоқсанда ғана беруге рұқсат етілген болатын. Санаторлық-курорттық емделуге жолдамалар жалақысы 180 АЕК-тен аспайтын қызметкерлерге беріледі.

Бұл ретте теміржолшылардың әрдайым таңдауы болады. Белгіленген лимит

шеңберінде олар компания мақұлдаған кез келген басқа сауықтыру орнына өз бетінше демалыс орнын таңдай алады. Екінші жағдайда қызметкерге 60 АЕК-ке дейінгі мөлшерде материалдық көмек төленеді.

2026 жылы компания Шүчінск – Бурабай курорттық аймағындағы Сәкен Сейфуллин шипажайымен, Қостанай облысындағы «Сосновый бор», Қарағанды өңіріндегі «Арман», «Балқаш», Түркістан облысындағы «Katiya Grand plaza», «Ақсу Деми», «Ақ Тілек», Жамбылдағы «Айша бибі», «Самал», Алматы және Алматы облысындағы «Ақ-Қайың» және «BAQSY», Павлодардағы «Мойылды», Қызылорда облысындағы «Жаңақорған», «Орда Сығанақ» және Жетісу өлкесіндегі «Жаркент Арасан» сауықтыру орындарымен келісімшарт жасасқан.

## ТЕМІРЖОЛДЫҢ ТУРИЗМДЕГІ ҮЛЕСІ



Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында туристік саланы дамыту мәселелері қаралды. Туризмді дамытудағы теміржолдың үлесі жайлы Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев баяндады.

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**  
Астана


Үкімет басшысы туристік саланы дамыту мәселесі Мемлекет басшысының тұрақты бақылауында екенін айта келе жұрт жаз айларында ғана емес, жыл бойы демалатындай жағдай жасап, тиісті инфрақұрылымды дамыту қажеттігін алға тартты.

– Теміржол көлігі саласында үлкен жұмыстар атқарылып жатыр, 124 вокзалда модернизация мен жаңа құрылыс жүзінде. Қазіргі таңда Көкшетау, Бурабай курорты, Қонаев, Көктұма, Ақши, Манкент және Балқаш-2 вокзалдарында жұмыс 95% аяқталды. 1 шілдеге дейін пайдалануға беріледі. Сонымен қатар жолаушылар вагондары да жаңартылуда. 2025 жылы 175 жаңа вагон сатып алына, биыл тағы 191 вагон алу жоспарлануда, оның ішінде Штадлер – 91, Зиксто – 100 вагон. 2030 жылға дейін жолаушылар вагондарының 90 пайызы жаңартылады, 2027 жылы – 104, 2028 жылы – 105, 2029 жылы – 104, 2030 жылы 102 вагон сатып алу жоспарланған.

Бұл негізгі туристік бағыттарды толық қамтуға мүмкіндік береді, – деді көлік министрі.

Ол сонымен қатар жаз мезгілінде сұраныстың артуына байланысты биыл туристік бағыттарға қосымша 15 пойыз іске қосылатынын жеткізді. Оның ішінде 10 бағыт Алакөл жағалауына жүреді. Қосымша пойыздар Астана – Достық, Алматы – Достық, Семей – Достық, Өскемен – Достық, Қарағанды – Балқаш, Алматы – Семей, Ақтөбе – Астана және Нұрлы жол – Шымкент бағытында қатынайды. Сонымен бірге пойыздардың құрамының ұзындығы орташа алғанда 13-тен 18-ге дейін ұзарды. Нәтижесінде пойыздардағы орын саны 400 мыңнан аса өседі.

## ПЕРСОНАЛЬНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ



В Алматинском отделении магистральной сети завершена контрольная проверка качества проведения весеннего осмотра объектов железнодорожной инфраструктуры и хозяйства. Проверка прошла под председательством заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Марата Шакенова.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

В ходе осмотра оценено состояние железнодорожного пути, искусственных сооружений, устройств сигнализации, централизации и блокировки, а также готовность хозяйств к работе в летний период. Особое внимание уделено вопросам безопасности

движения поездов, охраны труда и производственной безопасности. По итогам проверки поставлены задачи по усилению контроля за техническим состоянием инфраструктуры в летний период, повышению квалификации работников и проведению технической учебы.



Фото автора

БІЗДІҢ СЕРІКТЕСТІК ІРІ ЖҰК ТАСЫМАЛДАУШЫ РЕТІНДЕ ЗИЯНДЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ АЗАЙТУ, ТАБИҒИ РЕСУРСАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ДӘЙЕКТІ ТҮРДЕ ІСКЕ АСЫРАДЫ. ҚТЖ-ДА ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ ТУЖЫРЫМДАСЫН ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ӘРБІР БЕС ЖЫЛ САЙЫН ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЛАР ӘЗІРЛЕНЕДІ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ. БҰЛ ЖҰМЫСТАР ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР МЕН ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН ЕДӘУІР АЗАЙТУҒА, ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ ҚТЖ-НЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСЫМША ҮЛЕС ҚОСУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҚТЖ-ДА ҚОЛДАНЫЛЫП ЖҮРГЕН Т333А ТЕПЛОВОЗДАР ПАРКИНІҢ

**92%**

АСТАМЫ TRIP OPTIMIZER ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІМЕН ЖАБДЫҚТАЛДЫ.

«ҚТЖ-ЖҰК ТАСЫМАЛЫ» СЕРІКТЕСТІГІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР НӘТИЖЕСІНДЕ ШАРТТЫ ОТЫНДЫ ҚЫСҚАРТУДАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК

**59,6 млн**

ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ.

ӨСКЕМЕН ТЕМІРЖОЛЫНДА БИЫЛ

**53,7 км**

ЕСКІ ТЕМІРБЕТОН ШПАЛДАР БОЙЫНША КҮШЕЙТІЛГЕН ОРТАША ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

## Инновация

### «ҮЗДІК РАЦИОНАЛИЗАТОР» АТАНДЫ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Семейлік теміржолшылар рационализаторлық ұсыныстар саны бойынша ұлттық компания көлемінде алдыңғы орындардан көрініп келеді. Өндіріске жаңашылдық енгізуде өңір өнертапқыштарының жетістігі аз емес.



Солардың бірі – Семей магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Жаңа-Семей жол дистанциясының инженер-метрологы Мария Тұрсынова. Теміржол саласында 17 жыл еңбек өтілі бар ол – өз саласын мықты меңгерген маман. Соңғы жылдары өндіріске ұтымдылығы жоғары жаңашылдықтар енгізуге ден қойған. Оның зерттеу-зерттеу еңбектерінің бірақатары бүгінде байтақ еліміздегі теміржол саласындағы өндіріс барысына енгізу бойынша қолдау тапқан.

Жалпы, Мария Евгеньевна 2021-2026 жылдары арасында 13 рационализаторлық ұсыныс өткізіпті. Барлығы да Астанадағы техникалық комиссия тарапынан жоғары бағаланған. Мария осыдан біраз бұрын Астана төрінде өткен «Рационализаторлық – техникалық дамудың негізі» атты конференция барысында үздік атанды. 150-ден аса өнертапқыштар арасында Мария Евгеньевна «Үздік рационализатор» атағын жеңіп алып, барша әріптестері арасында мерейі өсті. Ол – жол шаруашылығы бойынша тың өндірістік жаңашылдықтардың авторы. Алдағы уақыттарда да өзі еңбек ететін осы сала бойынша жинаған тәжірибесін, білім-білігін пайдаланып, жоғары сапалы еңбек көрсеткішіне жету жолында тың тәсілдерді ойлап табуға мүдделі.

Жалпы бөлімшенің ғылыми-техникалық ақпарат және сараптама орталығының бастығы Баршагүл Омарованың басты назарға алуымен ұлттық компания игілігі үшін өндіріске жаңашылдықтар енгізу бойынша жоспарлы іс-шаралар белсенді жүргізілуде. Осы орайда жергілікті теміржол шаруашылықтары арасында жас буынды өнертапқыштыққа тарту, осы бағытта ақпараттандыру ісі де сәтмен жүзеге асуда. Мақсат – бір есептен теміржолшылардың интеллектуальдық әлеуетін дамыту мен инновациялық ұсыныстарын қолдау болып отыр. Марияның бұл жеңісі – осынау жұмыстардың нәтижесі екендігі анық.

Суретті түсірген автор

## ӨНЕРТАПҚЫШҚА ӨРІС КЕҢ

Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің рационализаторлық қызмет бойынша көрсеткіштері көңілден шығады. Өткен жыл біздің өнертапқыштар үшін табысты жыл болды деуге болады.



Жоспар бойынша өткен жылы 17 рационализаторлық ұсыныс беру жоспарланған болса, нақты орындалуы 27 ұсынысты құрып, жоспар артығымен орындалды. Яғни жоспардан тыс 10 ұсыныс болды. Бұл – шымкенттік теміржолшылар арасында озық ойлы өнертапқыштар артып отырғанының белгісі.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Астана қаласында 26 мамыр күні өткен «Рационализаторлық – техникалық дамудың негізі» атты конференцияда жаңа жобаларын қорғағандар қатарында Шымкент магистральдық желі бөлімшесі директорының пайдалану жөніндегі орынбасары Жомарт Мырзабеков, Арыс өрт сөндіру пойызының бастығы Есқара Әлімжан, ШЧ-38 Арыс филиалының бастығы Мейіржан Жанабаев, байланыс электромеханигі Вали Абдулхусенов, т.б. болды. Рационализаторлар конференциясына «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Рамазан Садырқұлов пен ЦНТИ бас директоры Төлеген Орашев қатысып, өнертапқыштардың еңбегімен танысты, лайықты бағасын берді.

Шымкент бөлімшесінің рационализаторлық жобалары конференция қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болды, атап айтқанда «Үздік рационализатор» төсбелгісін алған Жомарт Сырлыбайұлының «Жұмыс орнына пойыз жақындағанын ескертетін тасымалды хабарлау жүйесі» жобасы – 2-орынды, ал Арыс өрт сөндіру пойызының бастығы Есқара Әлімжанның «Қолдан жасалған лафеттік су атқыш» жобасы 3-жүлделі орынды иеленіп, еңбектері жоғары бағаланды. Олардың өндіріске ұсынған жобалары экономикалық жағынан тиімді деп танылды.

Ләззат ЖАРИМБЕТОВА, Шымкент

## КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДІ МЕЖЕЛЕП ҚАЛДЫ



ЖОСПАР

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау

Бүгінде Құлсары жол дистанциясына қарасты Құлсары-Бейнеу учаскесінде, рзд. Майкөмген-рзд467-рзд468 аралығында жолды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қазіргі уақытта негізгі төсемдер төселді. Бұл – биылғы жылғы алғашқы күрделі жөндеу жұмыстары. Аталған учаскелер бойынша 6 сағаттық «толаскез» алынып, жұмыстар жалғасып жатыр. Мердігер компания осы айдың аяғына дейін бітіруді межелеп отыр.

– Күрделі жөндеу жұмыстары барысында жолдың ескі темір жолы түгел алынып, орнына су жаңа темірбетонды шпалдар, барлық технологиялық талаптар сақталып, салынып жатыр. Бұрынғы рельстердің ұзындығы 25 метрлік болып бунақталып салынатын болса, қазіргі уақытта түйіспесіз жолдар салынууда, – дейді Атырау магистральдық желі бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Аманқос Жылқышиев.



Сондай-ақ 9,2 км жолды орташа жөндеуден өткізу, 20 дана бұрмаларды ауыстыру және 74,6 км жол бойында малдың шығуына қарсы қоршау тұрғызу жұмыстары қоса жүргізілуде. Жолға мал шығып кету мәселесі теміржолшылар үшін қашан да өзекті болып келеді, өйткені мал басудан

көп шығын келуде.

Сол секілді, жол дистанцияларында шешілмей келе жатқан мәселелер де жоқ емес. Мәселен, 2011 жылдан бері жолдың күрделі жөндеу жұмыстары барысында шпалдар «Фосло» типті бекітпелермен орнатылып келеді. Аталған бекітпелер элементтерінің ескіруіне орай қазіргі уақытта «Фосло» материалдың рельсасты аралық төсемдеріне үлкен қажеттілік туындап отыр. Сондай-ақ соңғы жылдары мекемеде алынған кіші механизациялар, яғни порталды көтергіш кран, жол домкраты, рихтовщик, АБ-2 электростанциясы, ЭШП ұлтандау, рельсқонғыш, рельсқескіш, рельсқескіш станоктар, шурупогайковерт, гидравликалық кергіш, бір рельсті арба, т.б. құрал-саймандардың мерзімінен бұрын істен шығуы орын алуда. Апатты жағдайларда қиын учаскелерге бара алатын жол талғамайтын арнайы көліктер де қажет. Осы керек-жарақ түгенделсе, дистанциялар жұмысы жандана түсері сөзсіз.

Суретті түсірген автор

## Теміржол маманы

### САУАТТЫ ӘРЕКЕТ ЕТТІ

Маңғыстау вагон депосының Бейнеу станциясындағы техникалық қосынының вагон қараушысы пойыздар қозғалысына қауіпті ақауды анықтап, апаттың алдын алды.

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау

Түнгі ауысымдағы міндетін атқару барысында Бейнеу станциясына Мақат бағытынан келген 2732 жұп пойызының құрамын техникалық тексеру кезінде вагон қараушы Еламан Тышқанбаев анықтаған ақау жүк құрамының 22-ші вагонынан табылды. Вагонның төртінші дөңгелек жұбынан күдікті байқаған ол тағы да анықтап қарап, ақауға көз жеткізген соң нұсқаулыққа сай сауатты әрекет етті.

– Сағат шамамен түнгі 21-22-де Мақат бағытынан келген, Ақтау портына қарай жол жүретін құрамның вагондарын тексеріп жүріп вагон дөңгелегінде букстың жылжып кеткенін байқадым. Ішін ашып қарасам, букс торабы подшипниктері шашылып жатыр. Бұл біздің тілде салқын күйде букстың 30 мм жылжығанын және букстық тораптың бұзылуын білдіреді. Ақауды дереу тиісті адамдарға хабарлап, вагондар доңғалақ жұптарын ауыстыру үшін торға ағытылды, – дейді бейнеулік вагон қараушы Еламан Тышқанбаев.



Жас вагон қараушының еңбегіне баға берген аға буын өкілдері оның өз міндетін ұқыптылықпен атқарып, сын сағатта жауаптылық танытқанын және нұсқаулыққа сай сауатты әрекет ете білгенін атап өтті. Бейнеу политехникалық колледжін теміржолшы мамандығы бойынша бітірген Еламанның бұл – алғашқы жеңісі. Екі ай сынақ мерзімінде болып, тәжірибелі вагон қараушылардан дәріс алған оның жеке-дара вагон қараушы міндетін атқаруға шыққанына бірнеше ай ғана болған.

Суретті түсірген автор

## САН МЕН САПА ҮЙЛЕСІМІ



АЙМАҚ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,  
Жамбыл

Географиялық тиімді орналасуына орай елімізде құрлық арқылы транзиттік жүк тасымалының әлеуеті жылдам дамуда. Жүк айналымының экспорттық көлемі артыруға Қазақстан темір жолы үлкен серпін беріп отырғаны да ақиқат. Ал Ұлттық компанияның қоржынына жүк тасымалынан түсетін табысты ұлғайтуға «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл» филиалы да қомақты үлес қосып отыр деп айта аламыз.

«Жамбыл» филиалы жүргізіп отырған үйлесімді және жүйелі жұмыстың нәтижесінде 2024 жылмен салыстырғанда былтыр жүк тасымалынан түсетін табыс 24 264 091,5 теңгеге немесе 51,4 пайызға артқан. Осылайша, 2025 жылғы нақты табыс 71 434 692,6 мың теңгеге жетті. Бұл көрсеткіш 2024 жылы 47 170 601,1 теңгені құраған болатын. Филиал жыл ішінде осындай өсімге қалай қол жеткізді? Алдымен соған тоқталып өтсек.

Шын мәнінде жамбылдық теміржолшылардың үлкен жетістігі деп бағалауға болатын көрсеткіштің өсуіне әсер еткен бірден-бір фактор – филиалдың жүкті тиеу мен түсіруді ұлғайтуы. Осы арқылы 2025 жылы кіріс деңгейі артқан. Нақтырақ айтсақ, былтыр тиеу көлемі 36 пайыздан асып, 6 813,1 мың тоннаны құраған. Ал биылғы болжам – 9 251,3 мың тонна. Жыл ішінде тиеу көлемін ұлғайтып, осы межені бағындыра ала ма?

– Бұл – қол жеткізуге болатын көрсеткіш. Себебі Жамбыл өңірінде «Қазфосфат», «Жаңа фосфор зауыты», «ЕвроХим-Қаратау», «Қазатомөнеркәсіп» ЖШС сияқты ірі кәсіпорындар бар. Жыл санап аталған өндіріс орындарының экспортқа шығаратын өнімінің көлемі өсіп келеді. Ал өндірістік қуаты жағынан облыста ғана емес, республикада алпауыт саналатын бұл зауыттар өндірген өнімдерін тасымалдауда теміржол қызметіне, яғни бізге жүгінеді.

Төрт зауыт 2028 жылдан бастап тасымалдау көлемін тағы да 50 пайызға ұлғайтуды жоспарлап отыр. Бұған қоса, алдағы уақытта аймақта жылына 1 800 мың тоннаға дейін өнім шығаруды көздейтін «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС сияқты тағы бір ірі кәсіпорынды іске қосу жоспарлануда. Зауыт іске қосылғанда біздің жүк тасымалымыздың көлемі бұдан да арта түсері сөзсіз, – деп болжайды «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл» филиалының директоры Айдын Сейтбеңбетов.

Жамбыл филиалында еңбек өнімділігін арттыру үшін теміржолшыларды әлеуметтік қолдау шаралары жолға қойылған. Филиалдың құрамында Шу және Жамбыл негізгі локомотив пайдалану деполары мен Сарышаған айналым депосы жұмыс істейді. Локомотив деполары – жүк тасымалының негізгі күші десек, машинистердің жағдайын жасап, толыққанды демалысын қамтамасыз етуге айрықша назар аударылып отыр. Мысалы, Сарышаған және Шу станцияларында локомотив бригадала-



рына арналған демалыс үйлері орындар санын көбейтіп, қайта жаңартылып-жаңғыртылған.

Жалпы еңбекті қорғау және материалдық қолдау шаралары – мамандардың өз ісіне деген жауапкершілігін күшейтіп, жұмысқа деген ынтаны арттыра түсетіні анық. Әлеуметтік көңіл күйдің тұрақтылығы – жұмыскер ең алдымен қажет ететін фактор. Сондықтан филиал басшылығы қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайын қылыптастырумен қатар ынталандыруды да қажетті шараның бірі деп санайды. Табыс артса, жалақы да көбейеді, мұны әрбір теміржолшы жақсы түсінеді. Филиал басшысы 2026 жылдың 1 тоқсанының соңында машинистердің орташа айлық жалақысы – 969 344 теңгеге, машинист көмекшісінің 743 956 теңгеге жеткенін атап өтті. Жалпы деподағы қызметкердің орташа айлық жалақысы 800 097 теңгені құраған.

Мәліметке сүйенсек, 2025 жылғы кезеңмен салыстырғанда жалақы мөлшері 111 519 теңгеге өскен. Айлық табысының көбейгенінен бөлек, Жаңа жыл,

Наурыз, Республика күні, Тәуелсіздік мерекелерінде сыйақы берілуі мамандарды еңбекке ынталандыра түскенін айта кеткен жөн.

Сонымен қатар локомотивтердің инвентарлық паркі кезең-кезеңімен жаңартып жатқаны да еңбек өнімділігін арттыруда. Айталық, Шу депосына 10 дана КЗ8А электровоз және 8 дана СКД-6Е сериялы тепловоз берілсе, Жамбыл локомотив пайдалану депосының паркі 2025 жылы 8 жаңа тепловозбен толыққан болатын. «Evolution» ТЭЗЗАС сериялы тепловоздар өндірістен 2024 жылы шыққан. Жаңа тепловоздар 2ТЭ10М және 2ТЭ10МК сериялы электр локомотивтерді ауыстырды. Қуатты техникалар сағатына 120 км еңсере алады.

–Жалпы, жамбылдық теміржолшылар жетістігі неде десек, өндірістік көрсеткіштен бұрын ұжымдағы ауызбіршілік, дұрыс құрылған еңбек қатынастары, олардың арасында осы салаға берілген, кәсібилігінің арқасында құрметке бөленген жандардың арқасы дер едім, – деген филиал директорына алып-қосарымыз жоқ.

## СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА КТЖ МНОГОВЕКТОРНА

Компания поддерживает работников и развивает регионы



АКТУАЛЬНО

**По поручению Главы государства в Казахстане реализуются меры по повышению качества жизни граждан, развитию человеческого капитала и укреплению социальной стабильности. Существенный вклад в решение этих задач вносят крупнейшие работодатели страны, создавая условия для профессионального роста работников, поддержки семей и устойчивого развития регионов.**

Одним из таких работодателей является АО «НК «Қазақстан темір жолы». Социальная политика национальной компании охватывает широкий круг направлений – от поддержки ветеранов и молодежи до развития социальной инфраструктуры в населенных пунктах, где живут и работают железнодорожники.

Особое внимание уделяется созданию комфортных условий для жизни в регионах. Так, совместно с компанией Wabtec реализуются проекты по строительству творческого центра и школы искусств в Сексеуле и Шалкаре. В Жаркенте в рамках модернизации железнодорожного участка Алтынколь – Жетыген открыт детский сад на 140 мест, построенный АО «НК «Қазақстан темір жолы» совместно с акиматом области Жетісу и при содействии ТОО «Теміржол жөндеу». Эти объекты не только улучшают качество жизни работников и их семей, но и способствуют развитию социальной инфраструктуры населенных пунктов.

Важным направлением остается поддержка ветеранов отрасли. Сегодня компания оказывает социальную поддержку более 45 тысячам пенсионеров, включая медицинское обслуживание, санаторно-курортное лечение и выплаты к юбилейным датам. Через Совет ветеранов КТЖ и Консультативный совет ветеранов сохраняются связи поколений. Профессиональный опыт ветеранов востребован в подготовке молодых специалистов.

Значительное внимание уделяется семьям работников. В этом году КТЖ приобрела 7 372 путевки в детские оздоровительные лагеря с бесплатным проездом. Оказывается адресная поддержка одиноком



родителям, предоставляются дополнительные оплачиваемые выходные дни родителям выпускников школ.

Традиционно масштабные мероприятия проводятся ко Дню защиты детей. В этом году по поручению председателя правления КТЖ 100 детей из многодетных семей железнодорожников, проживающих на отдаленных станциях, получили подарки – велосипеды, конструкторы Лего и другие развивающие наборы, способствующие интеллектуальному и творческому развитию, а также активному отдыху.

По всей стране были организованы поздравления семей работников, чьи дети добились значимых результатов в учебе, спорте и творчестве.

Поддержка подрастающего поколения включает и профориентационную работу. Компания организует экскурсии на производственные объекты и в отраслевые музеи, знакомит школьников и студентов с железнодорожными профессиями. В этом году центральный музей КТЖ посетили более 400 старшеклассников и студентов колледжей.

Значимое место занимает развитие творческого и интеллектуального потенциала детей. В компании проводятся видеоконкурсы и конкурсы сочи-

нений на тему «Железная дорога глазами детей», способствующие популяризации железнодорожных профессий и укреплению преемственности поколений.

В этом году компания исполнила заветные желания увлеченных железной дорогой шестилетнего Ануара Абсаттарова и одиннадцатилетнего Амира Жангалиева, организовав для них поездки в кабинках локомотивов и экспедиции по депо. Кроме того, КТЖ провела республиканский турнир по мини-футболу среди 100 юных спортсменов-железнодорожников.

Не менее важной задачей остается подготовка молодых кадров. В рамках Программы молодежной политики на 2023-2026 годы реализуются проекты, направленные на развитие профессиональных и управленческих компетенций молодых работников. Среди них – программа развития молодых специалистов «100 молодых лиц КТЖ», конкурс профессионального мастерства «Жас ұздік маман», интеллектуальная лига «Теміржол билгірлері», конкурсы «Моя ПРОФессия» и «Zaman Ab», а также корпоративное движение КВН и медиапроект «ГалстукOFF».

Развитие массового спорта так-

же является частью социальной политики компании. За первые пять месяцев этого года более 9,2 тысячи работников были охвачены занятиями в спортивных секциях. Проведено 197 спортивных мероприятий, в которых участвовали свыше 7,1 тысячи человек. Работники компании успешно представляют КТЖ и Казахстан на международных соревнованиях.

Наряду с этим активно развивается корпоративное волонтерство. Железнодорожники участвуют в благотворительных и экологических акциях, оказывают помощь ветеранам и пенсионерам, поддерживают социальные учреждения и реализуют региональные проекты взаимопомощи.


В числе проведенных мероприятий – поддержка Паралимпийского центра в Астане, экологическая акция «Поможем птицам» в Караганде, раздача фиников и воды постящимся в период Рамадана, региональные марафоны добрых дел «Жүректен жүрекке» и «Жаксылық жасап жарысайық», а также оказание адресной социальной-бытовой помощи и вручение продуктовых корзин ветеранам и пенсионерам.

Практика показывает, что социальная ответственность крупного работодателя сегодня выходит далеко за рамки выполнения обязательств перед трудовым коллективом. Речь идет о создании условий для развития человеческого капитала, укреплении социальной стабильности и повышении качества жизни людей. Именно поэтому социальные проекты КТЖ являются не только частью корпоративной политики, но и вкладом в устойчивое развитие регионов и страны в целом.

Валерия ПРОХОРОВА  
газета «Казахстанская правда»  
№106 от 10 июня 2026 года

